

## "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамын жекешелендіру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 17 қарашадағы N 1564

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамын реформалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 17 қазандағы N 1338 Р951338\_ қаулысымен құрылған "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамын жекешелендіру жөніндегі комиссияның "Ипат Интернешнл (ЮК) Лимитед" компаниясын "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының қаражаттарын сату конкурсының жеңімпазы деп жариялау туралы шешімі бекітілсін.

Қазақстан Республикасы Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы Ә.К.Өтеповке Қазақстан Республикасының атынан "Ипат Интернешнл (ЮК) Лимитед" компаниясымен "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының қаражаттарын жекешелендіру туралы шартқа, қаражатты сатып алу-сату шартына және басқа да қажетті контрактілер мен құжаттарға қол қою өкілеттігі берілсін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісімді жүзеге асыру мақсатында құрылған "Ипат Интернешнл (ЮК) Лимитед" компаниясына, "Ипат-Кармет" компаниясына және берілген мемлекеттік кепілдіктер жөніндегі Қазақстан Республикасы бұрынырақ қабылдаған міндеттемелер расталсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік жөніндегі мемлекеттік комитеті және Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамының қатысуымен комбинаттың мұлкін "Испат-Кармет" компаниясына беруді белгіленген тәртіппен аяқтасын және бұл берудің қажетті тіркелуі 1995 жылғы 31 желтоқсанынан кешіктірілмесін.

Мұның өзінде "Испат-Кармет" компаниясы кәсіпорынның тек қаражаттарын ғана қабылдайды және Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісімге сәйкес комбинаттың шұғыл қарыздарын өтеуге 50 миллион АҚШ жолдары көлемінде қаржы береді. Комбинаттың борыштық міндеттемелері жөнінде басқа мәселелерді Қазақстан Республикасының Үкіметі құрган қарыздары жөніндегі комиссия қарайды.

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарында қаралуға "Испат-Кармет" компаниясы қызыметінің барлық мәселелері жөніндегі кәсіпорынның жұмысына жергілікті мемлекеттік органдардың зандары жүреді деп белгіленсін.

Алғашқы кезеңде кәсіпорынның қалыпты жұмысты ұйымдастыруда "Ипат Интернешнл (ЮК) Лимитед" компаниясына көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Н.Қ.Есенғариннің басшылығымен бейімдеу жөніндегі комиссия құрсын. Бейімдеу жөніндегі комиссияға мемлекеттік органның қызметін үйлестіру, "Ипат Интернешнл (ЮК) Лимитед" компаниясының басшылығымен қатынастар мен байланыстарды қолдау жүктелсін.

4. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігіне "Ипат-Кармет" компаниясы меншігінің сақталуы жөнінде жұмысты жалғастырып, кәсіпорынның қауіпсіздігін ұйымдастыру мәселелерін шешуде контрактілік негізде қажетті көрсету тапсырылсын.

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі мен органдары "Ипат-Кармет" компаниясының өтініштерін қарап, байланыс аппаратурасын орнату, көлік құралдарын беру үшін қажетті рұқсаттарды беріп, сондай-ақ өздерінің құзырына жататын басқа да мәселелерді шешсін.

6. Министрліктер мен ведомстволарға, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік органдарға "Ипат-Кармет" компаниясына қалыпты қызметін жүзеге асыру үшін қажетті барлық рұқсаттарды, тіркеу және қайта тіркеу туралы куәліктерді, рұқсаттамаларды және лицензияларды беру тапсырылсын.

"Ипат-Кармет" компаниясының комбинаттың өнімін сатуға контрактілері Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігінде тіркеуге жатпайтын расталсын.

7. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігіне, Қаржы министрлігі мен мемлекеттік Экспорт-импорт банкіне Жапонияның Өнеркәсіп және сауда министрлігімен, Жапонияның Эксимбанкімен және "Иточу" фирмасымен "Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік қоғамында кокс тазалау жөніндегі цехтың құрылышы жобасы туралы келіссөз жүргізу тапсырылсын.

8. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қарағанды металлургия комбинаты" мемлекеттік акционерлік

қоғамын реформалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 6 қарашадағы N 1462 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Үкіметтің актілерін осы қаулымен сәйкес келтіру туралы ұсыныстарды Қазақстан Республикасының Үкіметіне бір ай мерзімде енгізсін.

9. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Н.Қ.Есенғаринге жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК